

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 16 қазандағы № 286 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қарашада N 3480 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 наурыздағы № 48 "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен білім оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3208 тіркелді, 2015 жылғы 1 мамырдағы № 18 аудандық "Парыз" газетінде, 2015 жылғы 1 мамырдағы № 18 "Новатор" аудандық газетінде жарияланды) қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Сағдиев

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы
әкімдігінің 2015 жылғы 16 қазандағы № 286
қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қ а л а)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
1	Шал ақын ауданы	1 2 5	8 4 7	8 2 0		0

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері(теңге)					
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар	
19443	9 7 3 3	8 9 8 2	0	0	

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)					
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар	
7000	3 3 7 2	2 1 2 5	0	0	